«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ» АҚ
АО «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН»
«KAZAKHSTAN REPUBLIC TV AND RADIO CORPORATION» JSC

QAZAQSTAN

БҰЙРЫҚ **ПРИКАЗ**

«21» 12 2022 ж/г
Нұр-Сұлтан қ.

№ 283
г. Нур-Султан

Мерзімді баспасөзге жазылу қызметін бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы № 434-V Заңының (бұдан әрі – Заң) 39-бабының 3-тармағы 25) тармақшасы және «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы №648 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 465-тармағына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Мерзімді баспасөзге жазылу қызметін тікелей шарт жасасу жолымен бір көзден алу тәсілімен мемлекеттік сатып алу рәсімі жүзеге асырылсын.

2. Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес, мерзімді баспасөзге жазылу қызметінің техникалық ерекшелігі бекітілсін.

3. «Қазпошта» акционерлік қоғамының «Астана почтамты» Астана филиалымен веб-портал арқылы шарт жасалсын.

4.Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма төрайымы **Л. Танысбай**

QAZAQSTAN